

Қазақстан Республикасының акционерлік банктерін қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 22 маусым N 1274

Мемлекеттік мүліктің пайдаланылуын реттеу мақсатында қаулы етемін: 1

1. "Тұранбанк", "Кредәлеуметбанк", "Қазақстан Әлем банкі", "Қазагроөнеркәсіпбанк" және "Қазжинақбанк" акционерлік-коммерциялық банктері акционерлік банктер етіп қайта құрылып, акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету құқы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне барлық акционерлік, коммерциялық және кооперативтік банктерді олардың жарғылық қорындағы мемлекеттік қаржының үлесін анықтау мақсатымен үш ай мерзім ішінде қатаң түрде жеке-дара қайта тіркеу жүргізіп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ақпар беру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне біртұтас кредит-қаржы саясатын жүргізу үшін акциялардың мемлекеттік пакетін басқару құқын табыстасын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекеттік және мақсатты бағдарламаларды орындаушы кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржы-кредит жағынан қолдау көрсетудің тәртібін анықтасын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті банктердегі депозит есеп-шоттарына қаржы аударған жекешелендірілетін кәсіпорындардың мүлкін бағалау кезінде осы сомаға банктің проценттік ставкаларына тең коэффициенттер қолдана отырып бағалау жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бұрынғы акционерлік-коммерциялық және кооперативтік банктер бюджет қаржысын пайдаланудан алған дивидендтерді белгіленген ретпен бюджет кірісіне алу туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК